

## ҮЛКЕН БАҒА



Қазақтың академиялық театрының бір топ әртістеріне Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген үлкен атақ берілу – біздің барлық искусство мәдениетіміз үшін үлкен қуаныш.

Қазақ драма театры Қазақстандағы драма театрлардың ағасы болып саналады. Біздің көбіміз искусствоның есігін ашқанда осы театрдан бастағанбыз. 1930 жылы мен театрға алғаш келгенімде бүгінгі Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алып отырған Сералы Қожамқұлов, Қалыбек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақовтар менің сахна өнеріме ұстаз болды. Өздерінің бес жылда алған тәжірибелерін маған үйретуден аяған жоқ.

Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының режиссерлері Қ. Байсейітов пен Қ. Жандарбеков те сол драма театрында тәрбиеленгендер. Сондықтан бұл театрдың сахна шеберлігіне берілген үлкен баға біздің барлық искусство қызметкерлерін түгел қуантады.

Біздің Қазақ академиялық драма театры – Одақтағы өскелең театрдың бірі. Бұл театрдың коллективі қандай үлкен драмалық шығармалар болса да, өзінің тиісті дәрежесіне жеткізе қоя алады. Сталиндік сыйлық алған сахна шеберлерінің совет искусствосын дамыта беру жолында өздерінің өнерлеріне мамандана беруіне тілектеспін.

*«Лениншіл жас», 1952, 19 наурыз*